bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА**

# Бейне жасау.

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 16.01.2020 | https://bilimger.kz/67049/ |

Мұқаш Меруерт Қанатқызы.

| | | |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспар тарауы:<br>3-бөлім — Бейне жасау<br>(ортақ тақырыбы: «Табиғи құбылыстар») | Мектеп: №24 лицей | |
| Күні: 15.01.2020 | Мұғалімнің аты-жөні: Мұқаш Меруерт  Қанатқызы | |
| Сыныбы: 4 Ә | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Бейнежазба |
| **Осы сабақта қолжеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 4.2.4.1 бейнеклиптерді жасау; |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу, Түсіну, Қолдану |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар:**<br>ü **VideoPad** программасының бейнежазу құралдарымен танысады.<br>ü Бейне камерамен белгілі бір тақырыпқа бейнеклиптерді жазуды үйренеді. |
| **Бағалау критерийлері** | **VideoPad** программасының бейнежазу құралдарымен танысып,<br>бейне камерамен белгілі бір тақырыпқа бейнеклиптерді жазуды үйренеді. |
| **Тілдік мақсаттар** | *Пәндік лексика және терминология*:<br>ü бейнежазу – запись видео — video recording;<br>ü файлды қосу-добавить файл-add file<br>*Диалогтар мен жазу үшін пайдалы сөз тіркестері:*<br>ü Бейнекамера немесе телефоныңмен қандай көріністерді жиі түсіресің?<br>ü Бейне көріністерді түсіруде қандай әдеп нормаларын ұстану керек?<br>ü Жаратылыстану сабағында қай табиғи құбылысты видеоға түсіріп, зерттеуіңе пайдаландың? (ауа райы, судың ластануы т.б)<br>ü Бейнежазбаларды компьютерде өң-деуге арналған қандай программалар жұмысымен таныссың? |
| **Құндылықтарға баулу** | 1. “Мәңгілік ел” идеясы бойынша “Жалпыға бірдей еңбек қоғамы”, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі және Астана» құндылығы қалыптасады.<br>2. Ынтымақтастық: топтық жұмыс барысында жылулық қарым- қатынастар дамиды, ынтымақтастық дағдылары қалыптасады және сындарлы көзқарас дамиды, қарым-қатынастарды қалыптастыру кезінде сыни ойлау қабілеті дағдыланады.<br>3. Академиялық адалдық: өзгелердің идеялары мен ойларын құрметтейді, яғни академиялық адалдық принциптерін сақтайды.<br>4. Өмір бойы оқу, Қазастандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік дағдысы қалыптасады. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Ақпаратты-коммуникациялық технологиялар, сурет. |
| **Алдыңғы білім** | Цифрлық құрылғылар және бейнежазбаларды өңдеу программалары. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| *Сабақтың басы*<br><br>2 мин.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>5 мин. | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Оқушылармен сәлемдесу.<br>**Сыныпта жағымды ахуал орнату** “Жылы жүрек-ізгі тілек”<br>оқушылар журекті бір-біріне ұсыну арқылы ізгі тілектерін айтады.<br>**Топтастыру**<br>(Топтық ережемен таныстыру интербелсенді тақтада топтың ережелері көрсетіледі)<br>1. Мұғалімнен бағыт-бағдар алу<br>2. Тәртіп сақтау, ынтымақтастыққа жұмыс жасау<br>3. Уақытқа бағыну<br>4. Белсенді қатысу<br>5. Бір-бірін тыңдау<br>Оқушыларға сәттілік тілеу)<br>**Топтастыру**. Оқушылар жеміс ағашынан өзіне ұнаған жемісін таңдап топқа бірігеді. Алма жемісін таңдағандар «Камера» тобына, Алмұрт жемісін таңдағандар «Видеокамера» тобына бірігеді.<br>**(Ұ) Ой қозғау!**<br>**«Ашық микрофон»** әдісі арқылы жүргізіледі.<br>Қойылатын сұрақтар алдын ала интерактивті тақтада төмендегі үлгіде беріледі.<br>ü Бейнекамера немесе телефоныңмен қандай көріністерді жиі түсіресің?<br>ü Бейне көріністерді түсіруде қандай әдеп нормаларын ұстану керек?<br>ü Жаратылыстану сабағында қай табиғи құбылысты видеоға түсіріп, зерттеуіңе пайдаландың? (ауа райы, судың ластануы т.б)<br>ü Бейнежазбаларды компьютерде өңдеуге арналған қандай программалар жұмысымен таныссың? | қағаз қималары, АКТ, слайд, оқулық, |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>2 мин.<br><br>6 мин.<br><br>8 мин.<br><br>6 мин.<br><br>6 мин.</td>
<td>
(Ұ) Сөздікпен жұмыс: Түртіп алу.<br>
ü  бейнежазу – запись видео — video recording;<br>
ü  файлды қосу-добавить файл-add file<br>
Мақсаты: Жаңа сабақта кездесетін сөздіктермен танысады. Бұл үш тілділік білім беру жүйесіне өз септігін тигізеді. Тиімділігі: Балалар үш тілділікке дағдыланады.<br><br>
(Т) Оқулықпен жұмыс.<br>
Тапсырма: Төменде берілген тақырыпшалар бойынша екі топ оқулықты оқып, топ ішінде талқылайды. Топ арасында бір-біріне баяндайды.<br>
1. «Камера» тобы:  «VideoPad  программасы»<br>
2. «Бейнекамера» тобы:  «Бейнежазба»<br><br>
<table>
<tr><th>Дескриптор</th><th>Қалыптастырушы бағалау</th></tr>
<tr><td>-Оқулықты оқып, топ ішінде талқылау жүргізеді.<br>-Бір-бірімен топ арасында өз тақырыптары бойынша баяндама жасайды.</td><td>“От шашу” әдісі</td></tr>
</table>
<br>
Бағалау:«Жапондық бағалау» әдісі. Екі топ бір-бірін бағалайды. Осы әдіс бойынша бірінші топ екінші топқа қосатын пікірі болса  айтады немесе сұрақтарын қояды.<br><br>
(Ұ) Компьютермен жұмыс.<br>
Тапсырма: Төменде берілген тапсырманы барлық оқушылар оқулықтағы нұсқаулық бойынша компьютерде жасайды.<br>
1. Жұмыс үстеліндегі «Табиғат» тақырыбында бейнежазбаны көшіріп,  компьютеріңдегі  «Бейне» бумасына сақта.<br>
2.VideoPad –ты іске қосып, «Бейне» бумасындағы   файлды Добавить файл командасы арқылы программаға жүктейміз.<br>
3.Ойнату (Воспроизведения) батырмасы арқылы бейнежазбаны тамашалаймыз.  Бейнежазбаның ұзақтығын анықтаймыз.<br>
4. Жұмыс алаңындағы бейне файлды тінтуір көмегімен  бейне жолаққа орналастырамыз. Бейнежазбаға мәтіндік жү-гіртпе дайындаймыз. Ол үшін: Мәтін орналастыру (Добавить текст) батырмасын басып, мәтін жазу алаңына «Табиғат»  мәтінін тереміз.  Жүгіртпе мәтінді  бейне жолаққа орналастырып, қозғалыс ұзақтығын тінтуір көмегімен тартып белгілейміз .<br><br>
<table>
<tr><th>Дескриптор</th><th>Қалыптастырушы бағалау</th></tr>
<tr><td>-Интернеттен бейнежазба көшіріп,  компьютеріңдегі  «Бейне» бумасына сақтайды.<br>-VideoPad –ты іске қосып, «Бейне» бумасындағы   файлды Добавить файл командасы арқылы программаға жүктейді.<br>-Ойнату батырмасы арқылы бейнежазбаны тамашалап, ұзақтығын  анықтайды.<br>-Жұмыс алаңындағы бейне файлды тінтуір көмегімен  бейне жолаққа орналастырып, оған мәтіндік жүгіртпе дайындайды.</td><td>«Жапондық бағалау» әдісі</td></tr>
</table>
<br>
(Т) Дәптермен жұмыс.<br>
Тапсырма: Топ ішінде алдымен жеке-жеке өздері ұсыныстарын жазады. Топ мүшелерімен пікір алмасып, ұсыныстарын біріктіріп, қағазға жазып, келесі топқа ұсынады.<br>
Бейнекамераға түсірумен айналысатын әрбір адамға  қажетті қандай әдептіліктер тізбесін  ұсынар едіңдер? Ұсыныстарыңды қағазға түсіріңдер.<br><br>
<table>
<tr><th>Дескриптор</th><th>Қалыптастырушы бағалау</th></tr>
<tr><td>-Бейнекамераға түсірумен айналысатын әрбір адамға  қажетті әдептіліктер тізбесін  ұсынып, қағазға түсіреді.</td><td>«Жапондық бағалау» әдісі</td></tr>
</table>
<br>
(Ж) «Сұрақты қағып ал» әдісі.<br>
Тапсырма: Төмендегі берілген тапсырма бойынша сұрақ байындап, келесі жұптарға ұсынады. Сұрақты қабылдаған жұп жауап беруі керек.<br>
/VideoPad программасының құрал саймандарының қызметі бойынша сұрақтар құрастырып, басқа жұптарға ұсыныңдар/.<br><br>
<table>
<tr><th>Дескриптор</th><th>Қалыптастырушы бағалау</th></tr>
<tr><td>-VideoPad программасының құрал саймандарының қызметі бойынша сұрақтар құрастырады.<br>-Сұрақтарды<br>басқа жұптарға ұсынады.</td><td>«Жапондық бағалау» әдісі</td></tr>
</table>
</td>
<td>Жұмыс дәптері<br><br>Оқулық<br><br>АКТ<br><br>Жұмыс дәптері<br>А4 қағаз<br><br>Жұмыс дәптері,<br>А4 қағаз</td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| *Сабақтың соңы*<br><br>5 мин. | **Рефлексия:**<br><br>**(Ұ) Талдау!**<br>**VideoPad**-тың бейнені өңдеудегі өзіңе ұнаған қандай тұстарын айта аласың?<br>**Бағалау**:**«Жапондық бағалау» әдісі.** Оқушылар бір-бірін бағалайды. Осы әдіс бойынша бір-біріне қосатын пікірі болса айтады немесе сұрақтарын қояды.<br>**Үй тапсырмасы:**<br>**Қызықты тәжірибе.** Цифрлық құрылғылар (телефон, планшет, бейнекамера) көмегімен үй жағдайында табиғаттағы су айналымын алу тәжірибесін жоспа-рын жасап, жүргіз. Мысалы, тоңазтқышқа ыдыспен су қойып, мұзға айналдыр, мұзды ыдысқа салып астына отжақ, ерітіп қайта суға айналдыр, суды қайна-тып була. Тәжірибе бойынша 2 минуттық бейнежазба түсіріңдер. Бейнежаз-баны CD дискке жаз. | |

| **Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?** | **Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау** |
|---|---|---|
| **Тапсырма, қарқын, дереккөздер, диалог және қолдау көрсету, бағалау, жіктеу, қорытынды**. Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | «Жапондық бағалау» әдісі<br>"От шашу" әдісі | Денсаулық сақтау технологиялары.<br>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын<br>Осы сабақта қолданылатын<br>**Қауіпсіздік техникасы ережелерінің** тармақтары орындалады. |

**Жалпы бағалау**

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті (оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз)?
1:
2:
Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді (оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз)?
1:
2:
Сабақ кезінде, мен сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда неге назар аудару қажет?
1:
2:

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.